



100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

Оралхан Бекей және Бақы Урманче

Қазақ жазушыларымен шығармашылық байланыс орнатып, олардың туындыларын өз еңбектеріне арқау еткен.



28 қыркүйек – Алтайдың кербұғысы атанған қазақтың көрнекті жазушысы, драматург Оралхан Бекейдің туған күні. Осы ретте қаламгердің шығармалары бойынша иллюстрация жасаған татар суретшісі Бақы Урманче жайында аз-кем сөз қозғауды жөн көріп отырмыз.



Бақы Урманче кім? 1897 жылы Татарстанда дүниеге келген қылқалам шебері 1930 жылдардың басындағы сталиндік құғын-сүргіннен еліне аман оралғаннан кейін 1941 жылы ұлы Абайдың мерейтойына дайындық жөніндегі комитеттің шақырымен Қазақстанға жолы түседі. Осылайша,

көркем сурет пен графика бойынша жұмыстарды орындауға тапсырма алған суретшінің қазақ жеріндегі жемісті жылдары басталады. Қазақстанда 1941 жылдан 1956 жылға дейін шығармашылықпен шұғылданған талант иесі үшін бұл кезең жемісті де жеңісті кезең болды. Олай дейтініміз, суретші осы жылдар мұғдарында «Аманкелді штабы», «Абай жұмыс үстінде», «Жангелдиннің ұлы өткелдері» атты тарихи полотналарын, еліміздің тарихи тұлғаларының үздік портреттік галереясы, гажап пейзаждары мен натюрморттарын өмірге әкелді. Солардың ішінде күйші Дина Нұрпейісованың, академик Қаныш Сәтпаевтың, жыр жампозы Жамбыл Жабаевтың, биші Шара Жиенқұлованың, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың портреттері сурет өнеріндегі асыл мұраларымыздың қатарына енді.

Суретші елімізде өткізген 15 жылдық саналы ғұмырында қазақ жерін аралап, халқымыздың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрыптарымен танысқан. Қазақ жазушыларымен шығармашылық байланыс орнатып, олардың туындыларын өз еңбектеріне арқау еткен. Соның бірі – Оралхан Бекей.

Татар халқының талантты ұлы қазақ қаламгерінің бірнеше шығармасына иллюстрация жасаған. Оралхан Бекейдің шоқтығы биік шығармаларының бірі – «Мұзтау» повесі. Туындының басты кейіпкері – Ақтан. Балалық шағынан бастап бұғылардың тірлігімен біте қайнасқан ауыл азаматы. Тағдыры да тым аянышты. Әкесі соғыстан оралмаған, анасы дімкәс әрі мылқау. Ауылды қаңыратып бос қалдырығысы келмеген Ақтан күзетші болады. Жанындағы жалғыз сүйеніші де, сырласы да, мұндасты да – Шағырқасқа аты. Ел кісікік санайтын Ақтанның тағы бір серігі – өмір туралы сан қылыш ойлары. Оның алдында қандай болары беймәлім өмір жолы тұр. Ол жолдан аман өту үшін мұз шыныраудың құрдымындағы албасты адамды өлтіріп, сұм соғыс жалмаған әкесінің кегін алу, мылқау анасының тілін қайтару керек. Міне, шығармадағы дәл осы оқиға барысын Бақы Урманче суретіне арқау еткен.

«Ақтан Шағырқасқаны өзімен бірге үңгірге алғып кірмекші еді. Бірақ, аты жүгенін соза қасарысып, көнбекен соң қожайыны оны жапырағынан жүрдай болған ағашқа байлады. Сосын, қамшысын қолына ұстаған күйі Ақтан үңгір ішіне кірді. Әр қадам алға басқан сайын үңгір іші қараңғылана тұксиді. Бір кезде Ақтанның есіне Тәңірқоймасы туралы Асан шалдың айтқаны тұсті. Бейнебір бүкіл жын-перілер осында жиналдып, шақырылмаған қонақты ізінен құпия аңдып келе жатқандай. Бір кезде үңгір бірнеше бөліктерге бөлініп кетті. Ақтан әрі қарай жүруге батылы бармай, тоқтап қалды. Шашылып жатқан кен кесектеріне шалынған Ақтан жоңқаларды жинаған күйі сақтықпен кері жылжыды. Бір кез, тізерлей отырған күйі сіріңке жағып, от тұтатты». Басы төмен салбырап кеткен Ақтанның жүзі азалы. Бақы Урманче үңгірдегі Ақтанды дәл осылай бейнелеген. Бақытсыз балалық шақ, қуаныш пен күлкіден ада жалғыздық туралы ойлар. Жолдасына адал, ақылды Ақтан мен кісікік, асау мінезді Бұғы адамның арасындағы пікірталас-дау. Суретші кейіпкердің жапа шеккен жан-дүниесі мен жүрек қиналышын дөп жеткізген. Оның жүзін қайғы-мұң basқан, көздері ашық болғанымен көнілі өлген, еріндерінің екі жағынан қылышп түскен сыйықтар

оның жан күйзелісін айғақтап тұр. Көздері бір нүктеге қадалып, қатып қалғандай. Оның жузіндегі қара тұске айналып кететін әр сызық күйзелісті көңіл күйінен хабар беріп тұрғандай. Алау оттың жалқыны ғана осынау ауыр сәтті сәл-пәл жеңілдеткендей. Ақтанды алда не күтіп тұр? Ол жағы беймәлім... Автордың ойын жалғастырған суретші кейіпкердің үміт отын үрлеп, жақсылықтан қашпауға үндейді. Осы орайда Ақтанның қолдарына ерекше мән берген. Еңбекқор адамның қарулы қолдары оның жамандықты жеңіп, жеңіске жететінін көрсеткендей.

Оралхан Бекейдің «Сайтан көпір» повесінде жерді көк мұз құрсаپ, жоқшылық жайланаң бір кезенде Аспан жылқыларды сайтан көпір арқылы айдал өтпек болады. Кенет тұлабойды тітіркентер үрейлі айқай естіледі. Бұл айқайдан кейін ешкім сайтан көпірден аман өтпеген екен. Бұл жолы да солай болады. Көпір опырылып құлап, малшы күркіреп жатқан көлге құлайды. Абырой болғанда, аман қалады. «Бастан құлақ садақа» деп екі аяғынан айырылады. Осылайша, табиғаттың перзенті табиғаттан тауқымет тартады. Бірақ, басына тұскен азапқа мойынсынбайды. Бұл жерді жеті атасынан бері жайлап келе жатқан жүртшылық табиғаттың таңғажайыбына тамсанумен бірге, оның қатаң мінезіне де қыңқ етпеген қайсар жандар. Сурет-иллюстрацияда қым-қиғаш қаракетті көруге болады. Қар көшкіні кезінде шыр айналып, көлге құлап бара жатқан Аспан. Болған сүмдышқтан жузі әлемтапырық болып кеткен оның жанайқайы тауды жаңғырықтырады. Энеміне жұтып жіберердей өзіне жөңкіліп келе жатқан қар көшкіні кезіндегі кейіпкердің жай-күйін суретші шынайы жеткізе білген. Шиеленісті сәтті қою қара тұспен көрсетіп, адам мен жылқының өмір мен өлім арасындағы арпалысын сыйықтарды орайластыра тұсіру арқылы бейнелеген. Адам мен табиғат апатының қарсы келуін ақ пен қара тұс арқылы жеткізген. Мынау жалғанда адамзат бүкіл жаратылыс пен құбылысты өзіне еш табындыра алмасы хақ. Шығарма құрылымында жоғарыдан жөңкіліп келе жатқан жойқын қар көшкінін, бірақ оның әлі де Аспанға жете қоймағанын көруге болады. Бұл дегеніңіз кейіпкердің әлі құтылуға мүмкіндігі, үміті бар екенін білдіреді. «Аспан бар күшін жинап, отырды. Ақ көрпеге оранған таулар жанжағынан қоршап, ақ сәлделі алып ағаштардың басы бейне бір жаназа оқуға жиналғандай төмен иілген.

– Қош болыңң-дарррр! – деп Аспан дауысын соза айқайлайды... Оны іздең шыққандар дәл осы айқайы арқылы тапты». Суретшінің пластикалық-болмыстық шешім өткірлігі, кеңістікте кез келген түрді пайдалана алу мүмкіндігі, повестегі әр сөйлемнің астарын графикамен бейнелеу айшықтығы шығарманың шиеленісті сәтін тап басуға мүмкіндік берген.

Бақы Урманченің баяндау түріндегі суреттері (иллюстрация) де бар. Мәселен, «Қар қызы» повесін алайық. Үш жылға созылған құрғақшылықтан кейін бозбала Нұржан қыста екі көмекшісімен бірге шөп әкелу үшін жолы қауіпті де қын ұзақ сапарға аттанады. Жастар жол бойы сан түрлі қындықтарға қарсы тұруға тұра келеді. Әбден тоңған, ашқұрсақ үшеу бір кезде бөренеден қынп жасалған, төбесін бөріктей қоқайып қар басқан үйге кез болады. Жанында қыбырлаған тірі жан көрінбейді. Орманның ортасында

жападан жалғыз мұлгіп түрған үйде тіршілік иесі бар екенін терезесінен жылтыраған әлсіз жарық қана білдіргендей. Осылайша суретші бізді қар патшалығына өртіп әкеліп, табиғаттың қатал мінезімен бетпе-бет кездестіреді. Суретте үш жігіт белуардан келетін қарды омбылап, бірінің сонынан бірі жанұшыра үйге ұмтылуда. Суретші көрерменді оқиға желісіне көркем жолмен еліктіре жетелейді. Тұмса ормандағы жалғыз тіршілік көзіне асыққан кейіпкерлерді ту сыртынан бейнелеуінің де астары бар. Жұздері көрінбейді. Әйтсе де, жанталаса алға жылжыған қымылдарынан-ақ олардың төзірек жылы жерге жетіп, адудын аяздың құрсауынан құтылуға асыққандарын жан-дүниенізben сезінесіз. Сезінесіз де, олардың жылы жерге жетулеріне жәрдемдескініз келіп кетеді.

Суретші сонымен бірге асқақ Алтайдың қысқы көрінісін де шынайы бейнелей білген. Омбы қарға жартылай көмілген ағаш үй. Ақ көрпеге тұмшалана оранған Алтай тауы қыс қаһарына қыңқ етпейтін қайсар сипатта. Алайда, Алтай бір қарағанда көзді арбап, сұлулығымен еліткендей болса да, сұсты, айбарлы, әрі тылсым көрінісі көңілді қобалжытпай қоймайды. Әйткені, бұл мекеннің қожайыны қадым заманнан бері өр Алтай. Соңдықтан да, суретші бұл туындысында тәкәппар қожайынға ерекше мән берген.

Суретші қылқаламына сүйсіне арқау еткен тақырыптың бірі – әйелдер бейнесі. «Жетім бота» графикасында бойжеткен Ақботаның болмысын аса нәзік астар арқылы бейнелеген. Ата-анаынан ерте айырылған бойжеткен бар жүрек мейірін ботаға арнайды. «...Ақбота екі бүрмелі қазақ көйлегін, сыртынан нәзік белін қынаған камзол киген. Басында үкінің ұлпілдек жұнді қауырсыны тағылған тақиясы, құлағында сырғасы, қолында күміс білезігі бар. Мойынына әдемі моншақ, шашына күміс тындары сылдырлаған шолпы таққан». Суретші Ақботаның «Жетім бота» күйі ойналып жатқан сәттегі кезін бейнелеген. Күй сарыны пенделердің мынау пәнидегі өмір мен өлім арасындағы уақытша саяхаты туралы әңгімелегендей әсер береді. Сонымен бірге, қайда барып бас ұрарын білмей, теңіз жағалаған жетім ботаның жалғызыраған зарлы үні де еміс-еміс естілгендей болады. Аяулы ата-анаын зарыға күткен бойжеткеннің мұны да сол зарлы үнмен үндесіп кеткендей. Мынау жалған дүниеде үміттері үзілген қос жетімнің өксігі... Міне, осынау қайғы мұнарлаған бас кейіпкердің сүйкімді жүзін, тағдырындағы тауқыметке қарамастан жан-дүние нәзіктігі мен тазалығын тәрк етпеген бейкүнә жан-дүниесін суретші қылқаламымен тым әсерлі жеткізген. Қара түсті көленке мен ақ-қара сыйықтар арқылы қыздың көңіл күйін тап басқан. График арқылы киімнің, бас киімнің және музыкалық аспаптың өзгелер көңіл аудара бермейтін тұстарына дейін ерекше мән берген.

Енді «Қар қызы» повесіндегі Алмаштың бейнесі туралы аз-кем айтсақ,

Суретші бас кейіпкерді көз тоймас ару, әппақ үлпершек бұлт бейнесінде елестетеді. Оның үстіндегі етегі жерге төгілген көйлегі бір сәт әппақ қарға айналып кеткендей әсер береді. Алдамшы тұс пе? Шынайы өмір

ме? Әлде арман шығар? «Мен шынында да Қар қызымын», – деді қыз Нұржанға. – «Бірде қарлы боран соғып түрған түнде мен киімсіз, жалаңаяқ далаға қашып шықтым. Мені тауда осы үйдің иесі – ата тауып алды. Олардың балалары жоқ екен. Сөйтіп, мені бауырларына басты. Менің осында жасырынып жүргенімді жылдар бойы ешкім білмеді. А나м аурұханада өмірден өткенін де осы жерде естідім... Қайғы мен қүйзелістен құр сұлдерім қалғандай. Кейде көңілімді қайғы басқанда ақ көйлегімді киемін де, тұн ішінде тауға қашып кетемін. Жападан жалғыз қар кешіп, ұзақ жүремін, ән айтамын, жылаймын... Тұнде жалғыз өзім тіземнен қар кешіп, тау ішін кезіп кеткен кезде көкірегімді кернеген ыстық біраз болса да суынып, сәл де болса сабыр шақырғандай боламын...». Оралхан Бекей қасірет шеккен кейіпкер бейнесін осылай сомдайды. Ал Бақы Урманче осы сәтті шебер пайдаланып, суретте қыздың көңіл қүйін сәтті жеткізе білген. Қар қызының сымбаты керім, акқу мойынды және екі жаққа созған қолдары құс қанаты іспетті. Жападан жалғыз түрған сұлу қыз... «Қар қызы, мынау әппақ әлемде саған не керек?». Сірә, жүрегің жаншылып «қарға көмілген жанынды мұң басқанда алыстан өзінді шақырған дауысты естіп, Нұржан сияқтылар «жан-дүниенде қуанышқа бөлеп, өмірге ынтызарлығынды арттыру» үшін керек шығар...».

«Айпара ана» повесі жонғарлардың қазақ жеріндегі жорығы кезіндегі қасіретті көз алдымызға әкеледі. Талай-талай тар жол, тайғақ кешуден өткен батыр қазақтың болмысын жазушы ер мінезді, ақиқатты ар етіп ұстаған, дана Айпара ана арқылы жеткізген. Оның ой-толғаныстары мен зары: соғыс неге болады, адамдар неге бір-бірін өлтіруге құмар, бейкүнә балаларды неге қыршынынан қияды, бауыр еті баласынан айырылып, кайран Ана неге қасірет шегеді? Суретші Айпара ананың дәл осы қүйін бейнелеген. Жазушы қалай суреттесе, суретші қылқаламымен солай бедерлей алған. Алты қанат киіз үйде келісті келген, айбынды, ер мінезді, өмірінде көпті көрген батыр Айпара ана отыр. Тобықты руының үлкен-кішісі оны ақылдылығы, адамгершілігі, кешірімділігі үшін құрмет тұтты. Елдің тыныштығын, қайғы-қасірет шекпеуін, жоқшылықтың жоламауын, отағасы мен ұлдарының аманесен оралуын бір Жаратқаннан жалбарынып тілеп отырғанын Айпара ананың көзінен көруге болады. «О, менің қасіретті халқым, менің көңілім сендер үшін алаң, сендердің жағдайларынды ойласам, санам сан саққа кетеді. Жонғар шапқыншылығынан гөрі мені сендердің бірлігі жоқ тірліктерің аландаатады. Тек бірлікте болсақ қана бақыттымыз бен тыныштығымыз үшін бек күресе аламыз». Суретші график арқылы киіз үй ішінде малдас құрып отырған, қолында тасбиғы бар Ананы бейнелеген. Суреттің әр көрінісінен ұлттық қасиеттің ерекше нышандарын көруге болады.

Бақы Урманче Оралхан Бекей шығармаларын оқып, жіті зерттеп, зерделегеннен кейін ғана қылқаламына жүгінген. Сондықтан да оның суреттері ойлы, терен. Кейіпкерлердің мінезі мен шығарма мазмұнын да дөп жеткізеді. Қорытындылай айтқанда, жан-дүние мен көз көрегенділігін және дарын шеберлігін шамырқандыра отырып, ой-танымын қылқаламына

жетекші еткен суретші Бекейұлының шығармаларын суретпен шынайы сөйлете алған. Қазақтың ұлттық мінез-құлық ерекшеліктері мен қасиеттерін де қалт жібермеген. Еңбек адамының жан-дүниесіне терең үңілген. Сондықтан да болар, қазақ халқы Бақы Урманчені ұлттық суретшіміз деп қабылдап, мақтан тұтады. Ел тарихы мен мәдениетін және қазақ прозасының құлагері Оралхан Бекейдің алтын қазынасын көркем суретпен сөйлеткен дарынды қылқалам иесінің туындыларының құндылығы уақыт өткен сайын арта берері анық.

СУРЕТШІНІҢ ПЛАСТИКАЛЫҚ-БОЛ МЫСТЫҚ ШЕШІМ ӨТКІРЛІГІ, КЕ НІС ТІКТЕ КЕЗ КЕЛГЕН ТУРДІ ПАЙДАЛАНА АЛУ МУМКІНДІГІ, ПОВЕСТЕГІ ӘР СӨЙЛЕМНІҢ АСТАРЫН ГРАФИКА МЕН БЕЙНЕЛЕУ АЙШЫҚТЫҒЫ ШЫҒАР МАНЫҢ ШИЕЛЕНІСТІ СӘТІН ТАП БА СУҒА МУМКІНДІК БЕРГЕН.

Лариса КАСТЮК

